

Қазақ спорт және туризм академиясы

ӘОЖ 796.015:796.8

Қолжазба құқығында

МЫРЗАБОСЫНОВ ЕРБОЛ ҚУАНТАЙҰЛЫ

**Ұлттық спорт түрі қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық
даярлық ерекшеліктері**

6D010800 – Дене шынықтыру және спорт

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор И.Ф. Андрущишин;

Шетелдік ғылыми кеңесші
педагогика ғылымдарының докторы,
профессор Г.Д. Бабушкин

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2017

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	3
АНЫҚТАМАЛАР.....	4
ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР	5
КІРІСПЕ.....	7
1 ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ДЕНЕ МӘДЕНИЕТІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ	12
1.1 Қазақ ұлттық дене мәдениетінің педагогикалық қызмет мүмкіндіктері	12
1.2 Ұлттық спорт түрі қазақ күресі қоғамның заманауи даму сатысындағы спорт түрі ретінде.....	20
1.3 Ұлттық спорт түрі - қазақ күресінен жекпе-жектерді жүргізудің техникалық амалдарын үйретудің және тактикасының өзіндік қасиеттерін есепке алудың педагогикалық шарттары.....	24
1.4 Өзіндік зерттеу материалдарын алу әдістері.....	34
Бірінші тарау бойынша тұжырым.....	39
2 ҰЛТТЫҚ СПОРТ ТҮРІ – ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ АЛҒЫ ШАРТТАРЫ.....	40
2.1 Қазақ күресі балуандарының жарыстық қызметі зерттеу нысаны ретінде	40
2.2 Техникалық-тактикалық даярлықты жетілдіру – қазақ күресі балуандарының жарыстық нәтижелілігін қамтамасыз етудің факторы ретінде.....	47
2.3 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесі (үлгісі).....	59
Екінші тарау бойынша тұжырым.....	68
3 ҚАЗАҚ КҮРЕСІ БАЛУАНДАРЫНЫҢ ТЕХНИКАЛЫҚ-ТАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ЖЕТІЛДІРУДІҢ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫ ӘДІСТЕМЕСІ.....	71
3.1 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдірудің тиімді құралдары	71
3.2 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесі тиімділігінің эксперименталды негіздемесі.....	86
3.3 Алынған зерттеу нәтижелерінің сараптамасы.....	99
Үшінші тарау бойынша тұжырым	103
ҚОРЫТЫНДЫ	105
ПАЙДАЛАНЫЛҒЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	108
ҚОСЫМШАЛАР.....	121

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Берілген диссертацияда келесі стандарттарға сілтемелер жасалған:

Қазақстан Республикасында дене шынықтыру мен спортты дамытудың 2011-2015 жылдарға арналған салалық бағдарламасы;

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасы Заңы (3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ);

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы (2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 ІІІ(22.12.2016 толықтуралы мен өзгерістерімен);

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы;

«ҚР бұқаралық дене тәрбиесі дамуы және жоғары білікті спортшыларды даярлауды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жүйесін қамтамасыз ету» Республикалық Бағдарламасы (ГР № 0197 РК 01381);

Қазақстан Республикасындағы ұлттық спорт түрлері және ұлттық қимылды ойындарының даму тұжырымдамасы (Астана: туризм және спорт агенттігі) заңнамалары мен ережелері басшылыққа алынды;

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдаулары.

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылды:

Сенімділік - бұл спортшының кешенді ішкі қасиеттері, белгілі бір уақыт ішінде жауапты жарыстарға тұрақты және тиімді күресуге, мүмкіндік береді.

Әрекеттердің сенімділігі - спортшылардың кешенді жетілдіру дағдылары мен қабілеттерін арттыратын және олардың ішкі және сыртқы туындаған кедергілерге қарамастан жоғары нәтижелерге жетуге кепілдік беретін дағдылары мен қабілеттері (бөгетке төзімділік).

Жарыс сенімділігі - бұл балуанның қарсыластары тең немесе одан көп жоғары дәрежелі белдесулерде жеңіске жетуге мүмкіндік беретін интегралдық кешен сапасы. Белгілі уақыт барысында немесе балуанның жарыстық стресс жағдайларында мінез-құлық тұрақтылығына күйзеліс факторлар төзімділігіне және техникалық-тактикалық дайындық деңгейіне, қорғаныс сапасына байланысты.

Жарыс қызметі – бұл әдетте, ресми жарыстарда адам жүзеге асыратын ерекше белсенді физикалық және психикалық күйзеліс шегіндегі әрекеттер белсенділігі. Жарыс қызметінің басты мақсаты ресми жарыстардағы спортшының жеке қоғамдық маңызы бар және жеке сұраныс көрсеткіштерінің сапасын арттыру.

Спорттық жаттығу – спорттық жетілдіруді, жоғары нәтижелерге қол жеткізуді көздейтін жаттығулар жүйесі және мамандандырылған педагогикалық процесс болып табылады

Күрестің тактикасы – белгілі іс-әрекеттерді іске асыру амалдары, жеке белдесулерді және жарыстарды өткізудің әдістері. Іс-қимыл құрылымында жеке белдесуде немесе жарыс барысында аз шығындармен нәтижеге қол жеткізуді көздейтін жеке әрекеттердің реттілігін қарастырады.

Техникалық дайындық - спортшының жоғары спорттық нәтижелерге қол жеткізуге көзделген, осы күрес түрінің ерекшеліктерін ескере отырып, қозғалыстар жүйесін игеру дәрежесі.

ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕР

ШӘБ	–шабуылдау әрекеттерінің белсенділігі
ШӘ	–шабуылдау әрекеттері
ҚӘБ	–қорғаныс әрекеттерінің белсенділігі
ШТӘ	–шабуылдау техникалық әрекеттері
ЖСШТ	–жоғары спорттық шеберлік топтары
БДТ	–бастапқы даярлық топтары
СЖТ	–спорттық жетілу топтары
ҚБ	–қимыл белсенділігі
ҚӘ	–қимыл әрекеттері
СӨС	–салауатты өмір салты
ТАСТ	–таңдап алынған спорт түрі
ШӘҮ	–шабуылдау әрекеттерінің үйлесімділігі
БТ	–бақылау тобы
ҚҰДМ	–қазақтың ұлттық дене мәдениеті
СШҮ	– спорт шеберлігіне үміткер
ТСБ	–техниканың сапалы бағаламасы
ЕДШ	–емдік дене шынықтыру
ЖИО	–жарыстарда иеленілген орын
СШ	–спорт шебері
МТБ	–материалды-техникалық база
ШӘС	–шабуылдау әрекеттерінің сенімділігі
ҚС	–қорғаныс сенімділігі
ҰСТ	–ұлттық спорт түрлері
ҚӘС	–қорғаныс әрекеттерінің сенімділігі
ҰДМ	–ұлттық дене мәдениеті
ЖТК	–жарыстық техника көлемі
ЖДД	–жалпы дене даярлығы
ТТК	–тиімді техника көлемі
ПӘ	– педагогикалық әсерлер
ПӘ	– педагогикалық эксперимент
ҚР	– Қазақстан Республикасы
СК	– спорттық күрес
ЖЖС	– жоғары жетістікті спорт
ЖҚ	– жарыстық қызмет
ОІСБЖМ	– Олимпиадалық ізбасарлар спорттық балалар-жастар мектебі
СЖ	– спорттық жаттығу
СМ	– спорттық мәдениет
АДД	– арнайы дене даярлық
ЕТ	– еңбек тәрбиесі
ТӘ	– техникалық әрекеттер
ТШ	– техникалық шеберлік

ТТӘ	– техникалық-тактикалық әрекеттер
ТТШ	– техникалық- тактикалық шеберлік
ТД	– тактикалық даярлық
ТТД	– техникалық-тактикалық даярлық
ОЖТ	– оқу-жаттығу тобы
ОЖТ	– оқу-жаттығу тапсырма
ОШҮ	– оқу-жаттығу үдерісі
ДТ	– дене тәрбиесі
ДШ	– дене шынықтыру
ДД	– дене даярлығы
ДД	– дене дамуы
ДСҚ	– дене шынықтыру-спорттық қызмет
ДЖ	– дене жаттығулары
ЖСЖ	– жүрек соғу жиілігі
ЭТ	– эксперименталды топ
ЭЖ	– эксперименталды жұмыс

Σ - жиынтық

X – арифметикалық орташа белгі

σ – стандартты ауытқу

t – Стьюдент критеріі

P – сенімділік

КІРІСПЕ

Зерттеудің өзектілігі

Халықаралық федерация қазақ күресін халықаралық спорттық күрес түрлері қатарында тануы – балуандардың техникалық-тактикалық даярлығына белгілі бір талаптар қоюында, бұл өз кезегінде қазақ күресімен шұғылданушы спортшыларды, жалпы даярлау жүйесін одан әрі жетілдіруге негіз болып табылады. Аталмыш алғышарттар ең алдымен, қазақ күресімен айналысатын қазақстандық балуандар үшін жоғары спорттық нәтижелерді көрсетіп, аймақтық, құрлықтық және әлемдік, чемпионаттарда бірқатар жеңіске қол жеткізу қажеттігін туындатады.

Сонымен бірге, бірқатар мамандардың айтуынша, соңғы жылдарда қазақ күресі балуандары әртүрлі техникалық-тактикалық іс-әрекеттер қолданумен ерекшеленбейтінін айтады. Ресми жарыстарда спортшылар негізінен төмен бағаланатын техникалық-тактикалық іс-әрекеттерді пайдалана бастады [1]. Даярлаудың тиімділігін арттыру жаңа тәсілдерді іздеуге, оқу-жаттығу сабақтарын ұйымдастыру және өткізуге, техникалық-тактикалық дайындықты арттыруға негізделеді. Сондай-ақ, тәжірибелі балуан даярлау мақсатында тиімді құралдар мен әдістерді әзірлеу, жаттықтырушы мамандардың біліктілігін арттыру бүгінгі күннің өзекті мәселелері қатарына жатады [2].

Зерттеу тақырыбының өзектілігі төмендегі бағыттармен анықталады:

- Зерттеу барысында көтерілген мәселелердің ғылыми-әдістемелік тұрғыдан өңделуі;

- Зерттеу нәтижесінде қазіргі спорттық қазақ күресі даму жағдайының жоғары теориялық және әдістемелік маңыздылығы;

- қазақ күресінің оқушы жастар арасында танымалдығы;

- Қазақстан Республикасының Президенті - Ұлт Көшбасшысы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауын іске асыруда, «Қазақстан-2050» стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты;

- «ҚР Дене шынықтыру және спорт» Бабын іске асыруға, 3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ.

Зерттеу мақсаты. қазақ күресі балуандары қызметінің нәтижелілігін арттыруға ықпал ететін техникалық-тактикалық даярлықты жетілдіру әдістемесіне эксперименталды негіздеме беру.

Зерттеу нысаны. Қазақ күресі спортшыларының оқу-жаттығу үрдісі.

Зерттеу пәні. Қазақ күресінде балуандардың техникалық-тактикалық даярлығының тиімді әдістемесін жетілдіру.

Зерттеу болжамы. Егер техникалық-тактикалық дайындықты жетілдіру үлгісі жасалса; жаттығу кешендерін әзірлеу арқылы техникалық-тактикалық әдістердің комбинациялығы мен сенімділігі артса; оқу-жаттығу әдістемесінің тиімділігі, жоғары бағаланатын техникалық-тактикалық әдістерді арттыруға бағытталса, онда қазақ күрес балуандарының техникалық-тактикалық әдістерінің жетілдіру тиімділігі артып, қазақ күрес балуандарының жалпы спорттық нәтижелігі артады.

Зерттеу міндеттері:

1 Қазақ ұлттық дене тәрбиесі мәдениетіне ұлттық күрес қазақ күресін негізге ала отырып, теориялық-әдістемелік және әдіснамалық тұрғыдан талдау жасау.

2 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдірудің педагогикалық алғышарттарын айқындау.

3 Қазақ күресі балуандарының техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесі бойынша теориялық моделін дайындау.

4 Қазақ күресі белдесуінде көріктілігі мен тиімділігін негіздейтін кешенді техникалық-тактикалық жаттығулар дайындау және эксперименталды түрде негіздеме жасау.

Зерттеудің жетекші идеясы:

Қазақ күресімен шұғылданушылардың техникалық-тактикалық даярлығының тиімділік көрсеткіштерін жетілдіруде нақты жолдарын айқындау.

Зерттеу әдістері

Зерттеу әдістері мен тәсілдері жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне байланысты айқындалды. Диссертациялық зерттеу міндеттері теориялық және эмпирикалық әдістер арқылы жүзеге асырылды. Зерттеу тақырыбына қатысты ғылыми және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді қарастыру мен салыстырмалы, логикалық сараптама жасау теориялық әдістердің негізін құрады. Эмпирикалық әдістер ретінде педагогикалық бақылау, техникалық-тактикалық даярлық пен физикалық деңгейін айқындайтын тестілеулер, түрлі сауалнамалар, математикалық-статистикалық сараптамалар пайдаланылды.

Зерттеудің методологиялық негіздері.

Диссертациялық жұмыстың әдіснамалық негізіне қазақ ұлттық дене тәрбиесі қалыптасуы мен дамуының тарихи арқауы (Брусилковский М., 1960; Б.М. Доскараев, 1993; А.К. Кульназаров, О.Ш. Жолымбетов, 2004), Қазақстандағы дене шынықтыру мен спорт дамуындағы ұлттық, интернационалдық өзара байланыстың теориялық, практикалық факторлары (М.Т. Таникеев, 1998; Е. Сағындықов, 1986; Е.А. Алимханов, 2010), жаттығу үрдісін басқарудың теориялық негізі (А.А. Новиков, 1974, 1976; А.А. Новиков, А.О. Акопян, 1983), жаттығу үрдісін моделдеу негізі (А.А. Новиков, В.В. Кузнецов, Б.Н. Шустин, 1976), спорттық ғылымның тиімділігін арттыру (А.А. Новиков, Р.А. Пилоян, 1976), қазіргі спорттық күрестің дидактикалық және әдістемелік негізіне қатысты (А.З. Катулин, 1956; И.И. Алиханов, 1982, П.Ф. Матушак, Е.М. Мухиддинов, 1985; А.Р. Асубаев, 1997; Г.С.Туманян, 2006) т.б. отандық және шетелдік философтардың іргелі зерттеулері басшылыққа алынып, теориялық ой пікірлері мен ұсыныс, тұжырымдары қарастырылды. Сонымен қатар, зерттеу жұмысында қазақ күресі мәселесі арнайы зерттеу нысанына арналған. Қазақ күресі спортының өзіндік ұлттық ерекшеліктері (М. Рахимкулов, 1967; К.Р. Байдосов, 1987), қазақ күресіндегі жаттығу үрдісін ұйымдастырудың жалпы талаптары Е.А. Алимханов [3], М.Х. Болгамбаев [4], М.О. Даупбаев [5], А.Б. Донбаев [6],

М.Т. Таникеев, В.С. Жаналин [7], А.И. Какенов [8], К.А. Усин [9], Ж. Байшулаков [10] т.б ғалымдардың жазған еңбектері, ұсыныстары мен ғылыми тұжырымдары пайдаланылды.

«Дене шынықтыру және спорт» жайлы Қазақстан Республикасы Заңы (3 шілде 2014 ж. №228-V ҚРЗ).

«ҚР бұқаралық дене тәрбиесі дамуы және жоғары білікті спортшыларды даярлауды жетілдірудің ғылыми-әдістемелік жүйесін қамтамасыз ету» Республикалық Бағдарламасы (ГР № 0197 РК 01381),

Қазақстан Республикасындағы ұлттық спорт түрлері және ұлттық кимылды ойындарының даму тұжырымдамасы (Астана: туризм және спорт агенттігі) заңнамалары мен ережелері басшылыққа алынды.

Зерттеу кезеңдері:

Зерттеу жұмысы 2014-2017 жылдар аралығында орындалып, шартты түрде төмендегідей кезеңдерге бөлінді:

2014-2015 оқу жылындағы бірінші кезеңде зерттеліп отырған мәселенің спорт теориясы мен тәжірибесіндегі жағдайы жан-жақты зерделеніп, зерттеудің ғылыми аппараты анықталды. Сонымен қатар, қажетті зерттеу әдістері кешені мен педагогикалық эксперимент бағдарламасы айқындалып, даярланды. Аталмыш кезеңде ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге шолу сараптамасын жүргізу мен жинақтау жұмыстары, жарыс хаттамалары мен спортшылардың қызметтері мен жарыстары хаттамалары қарастырылып, сауалнама, әңгімелесу, сұхбат алу, оқу-әдістемелік құжаттарға сараптама жасау сынды әдіс-тәсілдер пайдаланылды.

Екінші кезеңде (2015-2016 оқу жылы) алғашқы эксперименталды материалдарды өңдеу мен оларға тікелей сараптама жасау жұмыстары жүзеге асырылды. Техникалық-тактикалық әрекеттерді жетілдіруге бағытталған кешенді оқу-жаттығу тапсырмалары даярланып, эксперименталды және бақылау топтары құрылды.

Зерттеу жұмыстары: Семей қаласының мемлекеттік медицина университетінің дене тәрбиесі кафедрасы, және Қазақ спорт және туризм академиясының ұлттық спорт түрлері кафедрасы аясында жүргізілді.

Осы кезеңде жұмыстың алдына қойылған мақсаты мен міндеттеріне байланысты оқу-жаттығу іс-шараларын жоспарлау мен ұйымдастыру бойынша оқу-әдістемелік, нормативті-құқықты материалдардың зерттелуі мен сараптамасы, жаттықтыру және жарыстық жүктемелерді педагогикалық бақылау мен есепке алу, педагогикалық бақылау, математикалық статистика әдістері қолданылды.

2016-2017 оқу жылында орындалған зерттеу жұмысының үшінші кезеңінде қазақ күресі спортшыларын техникалық-тактикалық даярлауды жетілдіру әдістемесінің тиімділігіне негізделген арнаулы педагогикалық эксперимент жүргізілді. Осы кезеңде алынған мәліметтерді түсіндіру мен жүйелеу, өңдеу және қорытынды мен практикалық ұсыныстарды тұжырымдау жұмыстарына логикалық сараптама жасалды. Сонымен қатар, аталмыш кезеңде зерттеу

нәтижелерін ҚР оқу мекемелері мен ұйымдары практикасына ендірумен бірге диссертациялық жұмыстың рәсімделуі іске асырылды.

Зерттеу базасы. Қазақ күресі техникалық-тактикалық әрекеті тиімділігін жетілдіру бойынша жүргізілген зерттеу жұмыстары Семей қаласының мемлекеттік медицина университеті мен Қазақ спорт және туризм академиясы аясында ұйымдастырылды.

Зерттеуге 200-ден аса студент, оның 50-і эксперименттің негіздемелі (констатациялы) бөліміне қатыстырылды. Экспериментке сарапшы-мамандар ретінде жоғарыда аталған жоғары оқу орындарының 15 тәжірибелі маман оқытушы-жаттықтырушылары жұмылдырылды.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мен теориялық маңызы:

- спортшылардың техникалық-тактикалық даярлығының заманауи талаптарға сай үлгісі жасалды;

- қазақ күресі балуандардың техникалық-тактикалық әрекеттерін тиімді жетілдіруге арналған кешендеріне эксперименталды негіздеме берілді;

- қазақ күресі спортшыларының тиімді техникалық-тактикалық әрекеттерінің көлемі жетілдірілді.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер

1. Қазақ күресінің теориялық негізі болып табылатын қазақтың ұлттық дене мәдениеті әйгілі халықаралық спорт түрлерінің аясында өзіндік ұлттық ерекшеліктері мен ұқсастықтарын сақтауға мүмкіндік береді.

2 Педагогикалық алғышарттар техникалық-тактикалық даярлықты ұйымдастыруда сапалы амал-тәсілдерді пайдалануға жағдай жасайды.

3 Қазақ күресі спортшыларын дайындау әдістемесінің теориялық үлгісі техникалық-тактикалық даярлық деңгейін жетілдіру әдіс-тәсілдерін айқындап, сол арқылы осы спорт түрінің оқу-жаттығу жұмыстарын ұйымдастыру сапасын жақсартуға мүмкіндік береді.

4 Өте маңызды оқу-жаттығу тапсырмалар кешенін даярлап, шығару балуандардың техникалық-тактикалық даярлығын шыңдап, қазақ күресі ұлттық спортында сенімді, құрылымды іс-әрекеттерді қамтамасыз етеді.

Зерттеу нәтижелерінің негіздемелігі

– Қазақстан Республикасында жоғары білікті спортшыларды даярлаудың біршама тиімді бағыттарын ескере отырып, зерттеулер жүргізумен;

– Қазақ ұлттық спорт түрлерінің, соның ішінде қазақ күресінің саяси, экономикалық және идеологиялық маңыздылығымен;

–логикалық тұрғыдан негізделген және іс-жүзінде жүзеге асырылған зерттеу бағдарламасымен **қамтамасыз етіледі.**

Зерттеу сенімділігі:

– зерттеу барысында алға қойылған міндеттерге сай объективті зерттеу әдістерінің қолданылуымен;

–қалыптастырылған педагогикалық эксперимент жүргізілуімен;

– эксперименталды материалдың статистикалық өңделу реттілігімен және шынайылығымен;

– зерттеу нәтижелерінің қайта өндірілуімен және оның кеңінен алдын-ала талқылануымен;

– зерттеу жұмысы барысында тұжырымдалған қорытындылармен;

– қазақ күресі ТТД тиімділігін жетілдіру бойынша шынайы педагогикалық эксперимент барысында алынған мәліметтердің сапалы және кең ауқымды саралануымен қамтамасыз етіледі.

Бұл кезеңдегі алға қойылған міндеттерді шешу педагогикалық эксперимент, педагогикалық бақылау, спортшылардың жарыстағы жекпе-жегін стенографиялау, эксперименттік материалдарды математикалық-статистикалық өңдеу, алынған нәтижелерге сараптама және жинақтау, талдау сынды әдістерді қолдануға мүмкіндік берді.

Апробация. Диссертациялық жұмыстың негізгі тұжырымдамалары мен зерттеу нәтижелері Қазақстан және шет елдердегі халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарында жарияланды. (Қазақстан, 2017; Ресей, 2015, 2016, 2017; Канада, 2015; Украина, 2017).

Жұмыс нәтижелерінің жариялылығы. Диссертациялық жұмыстың теориялық мәні мен мазмұнның тұжырымдарын және зерттеу нәтижелерін құрайтын мәселелер бойынша ҚРБЖҒМ білім және ғылым саласын бақылау Комитеті ұсынған басылымдарда 4 мақала, халықаралық Scopus базасы тізіміне енетін журналда 1 мақала, 4 мақала халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинақтарында жарық көрді.

Диссертацияның көлемі мен құрылымы. Диссертация 124 бет компьютерлік басылымнан тұрады, ол өз кезегінде кіріспеден, үш бөлімнен, тұжырымнан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған.

Диссертанттың қосқан жеке үлесі:

– қазақ күресінен спортшыларды даярлауды жетілдірудің теориялық-әдістемелік негізін анықтайтын ережелеріне ғылыми-педагогикалық негіздеме берілген;

– қазақ күресінен спортшылардың техникалық-тактикалық даярлығын жетілдіру әдістемесін практикаға енгізу үлгісі жасалған;

– қазақ күресі оқу-жаттығу іс-шараларының кешенді әдіс-тәсілдеріне эксперименталды негіздеме берілген;

– қазақ күресінің техникалық-тактикалық әрекеттерін жетілдіру бойынша ғылыми-тәжірибелік ұсыныстар жасалған.